

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №46 "Балбұлақ" бөбекжайы

Топ: №1 «Балдырған» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.11- 03.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: Даулетбаева Нурия Қожабаевна, Ақоразова Эльмира Сембаевна

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ертеңгілік жаттығу	-Кіріспе Бір сапқа тұрып, бір-бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүгіру, адымдап жүру, өкшемен жүру. Шеңбер бойымен аюға ұқсап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. II-Негізгі бөлім 1. Б.қ.к. аяқ бірге, қол төменде 1. қолды алдыға созу 2. бастан жоғары көтеру 3. жанына түсіру 4. б.қ.келу (3-4 рет) 2. Б.қ.к. аяқ бірге, қол төменде 1. иықты жоғары көтеру 2. бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет) 3. Б.қ.к. аяқ бірге, қол төменде 1. қолды созу 2. отыру 3. тұру 4. б.қ.келу (3-4 рет) 4. Б.қ.к. аяқ алшақ, қол белде 1. алға қарай еңкею 2. б.қ.келу (3-4 рет) 5. Б.қ.к. аяқ бірге, қол төменде 1. қолды алға созу 2. айқастыру 3. бастапқы қалыпқа келу. III-Қорытынды Тыныс алу жаттығу гүлді иіскеу.				
Таңғы ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық			"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру,	"Кім, не жейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы

			жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету.	балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту;
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			Қазақ тілі "Жолға дайындал ..." Көліктер. Түстер әлемінде." Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде көлік түрлерінің атауларын, негізгі түстерін тыңдап, атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен көліктердің жүру амалдарын білдіретін сөз тіркестерін құруға, зат есіммен сын есімдер сөз тіркесін құруға жаттықтыру.	Дене шынықтыру "Қораз секілді қанат қағайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дауысын тыңдату.	Дене шынықтыру "Өрмелейік, қане біз". Мақсат-міндеттері. Балаларда еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникасын бекіту.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер;				
Серуен			«Аула тазалаушының еңбегіне бақылау» Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Қимылды ойын: «Өзіне жұп табу». (дене шынықтыру) Белгі бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу. Еңбек: аула тазалаушы ағайға көмектесеміз. Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек? Мақсаты: үлкен кісілерді сыйлап, сыпайылық танытуға үйрету. Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: Көркем сөз Қамымызды ойлайды Тазалайды, жинайды	«Күзгі табиғатқа бақылау» Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысымен таныстыру.. Қимылды ойын: «Кептер» Мақсаты: Ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу. (Көркем әдебиет – коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі) Еңбек: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. Мақсаты: Бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру. Еркін ойындар. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен	«Ауа райының өзгеруін байқау» Мақсаты: Болжау.бұлтты күні жаңбыр жауса – күн салқындайды. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Қимылды ойын: «Соқыр теке» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. (Көркем әдебиет – коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі) Еңбек: аулада жатқан қарды жинау. Мақсаты: Бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау. Еркін ойындар.

			Құрметтейміз бәріміз Тазалықшы ағайды Қорытынды: Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға шақыру. Еркін ойындар. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен тасныстыру- танымдық, коммуникативтік әрекет)	тасныстыру- танымдық, коммуникативтік әрекет)	(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен тасныстыру- танымдық, коммуникативтік әрекет)
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
Түскі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап-кунап алайық. Ұйқымызды ашайық "Самал жел" (ішпен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, бастарын сәл көтеріп, жел соққанын көрсету) "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі". Ішпен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" (тізені құшақтап жату, аяқты құшақтап денемен алдыға және артқа қарай тербелу)				
Бесін ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)			"Мозаика" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып өз орнына орналастыруды үйрету; тапқырлыққа баулу. (танымдық дағдылар)	"Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. дөңгелек пішінге ұқсас заттарды қазақ тілінде дұрыс атауды дағдыландыру. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Үстел үсті театры "Үйшік" ертегісі Мақсат-міндеттері. Балаларға үстел үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру. (көркем әдебиет)
Балалармен жеке жұмыс			Әңгіме құрастыру "Табиғат". Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын табиғаттағы ерекшеліктердің атауларын білдіретін сөздермен байыту.	"Ғажайып қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету.

				байыту.	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру;				
Серуен	Таңғы серуенді қайталау				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге машықтандыру.				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тамақ ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу.				
Балалардың дербес әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)			Кеңес. "Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы".	"Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №46 "Балбұлақ" бөбекжайы

Топ: №1 «Балдырған» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.11- 10.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: Даулетбаева Нурия Қожабаевна Ақоразова Эльмира Сембаевна

Апта күндері	Дүйсенбі				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру.				
Ертеңгілік жаттығу	I-Кіріспе Бір сапқа тұрып, бір-бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүгіру, адымдап жүру, өкшемен жүру. Шеңбер бойымен аюға ұқсап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. II-Негізгі бөлім 1. Б.қ.к. аяқ бірге, қол төменде 1. басты оңға 2. солға 3. жоғары 4. төмен (3-4 рет) 2. Б.қ.к. аяқ бірге, қол төменде 1. иықты жоғары көтеру 2. бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет) 3. Б.қ.к. аяқ бірге, қол төменде 1. қолды созу 2. отыру 3. тұру 4. б.қ.к. келу (3-4 рет) 4. Б.қ.к. аяқ алшақ, қол белде 1. алға қарай еңкею 2. б.қ.к. келу (3-4 рет) III-Қорытынды Тыныс алу жаттығу гүлді иіскеу				
Таңғы ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және олардың сын-сипатына қарап тануға үйрету.	"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуларын жаттықтыру.	"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру,	"Кім, не жейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту;

			көрсету.		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Жомарт қораз". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; Вариативтік бөлім Монтессори	Музыка "Торғай". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін және зейінін дамыту;	Қазақ тілі "Жолға дайындал ..." Көліктер. Түстер әлемінде." Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде көлік түрлерінің атауларын, негізгі түстерін тыңдап, атауды үйрету	Дене шынықтыру "Қораз секілді қанат қағайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру	Дене шынықтыру "Өрмелейік, қане біз". Мақсат-міндеттері. Балаларда еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникасын бекіту.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер;				
Серуен	Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту. Тап-таза көгілдір алаң, Бұл - жердің шатыры аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым	Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.	Желді бақылау (жалаушаларды қолдану). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке	Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Біз көңілді баламыз"	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты

	еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құлыншақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; белгі бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.	"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	тәрбиелеу. Жалаушалармен ойын. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғағына сай жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін белгі ретінде қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыда бұлғауға ынталандыру. "Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер.: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен.	қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Бірге жүріп, ойнаймыз" шеңбер ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберге тұрып қимылдар жасауға, жан-жаққа шашылып, қайта шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру; "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге машықтандыру.				
Түскі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.	«Достық» ертегісін оқып беру.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету.	«Құстар неге сөйлемейді» ертегісін оқып беру.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліпқоюды үйрету..
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Керуеттегі жаттығулар "Желдің желпұі". Ішпен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" (тізені құшақтап жату, аяқты құшақтап денемен алдыға және артқа қарай тербелу)				
Бесін ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану.				
Балалардың дербес	Қоршаған ортамен	Қоршаған ортамен	Музыкадан ойын	Сурет салудан ойын-	"Көгөністер дүкені"

әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	танысудан ойын-жаттығу "Аспаз". Мақсат-міндеттері. Балалардың аспаз еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту; аспаз еңбегі туралы түсінік бере отырып, аспаз құралдарының аталуын жатқа айтуға үйрету.	танысудан ойын-жаттығу "Жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері. Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту;	жаттығу "Күз желі". Мақсат-міндеттері. Балалардың әуенге ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдағанда сөздік мазмұнын түсіну қабілетін қалыптастыру;	жаттығу "Апельсиндер". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқалам арқылы қызыл сары түсті дөңгелек пішінді апельсиндерді, тіктөртбұрышты пішінге бір сапқа қатарымен салуды үйрету.	сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың сатушы мамандығы туралы білімдерін бекіту. Балалардың ойынға қажетті құралдарды пайдаланып, дүкен ойынын ойнау.
Балалармен жеке жұмыс	Санамақтар айтқызу. Бір дегенім - білеу, Екі дегенім - егеу, Үш дегенім - үскі, Төрт дегенім - төсек, Бес дегенім - бесік, Алты дегенім - асық, Жеті дегенім - желке, Сегіз дегенім - серке, Тоғыз дегенім - торқа, Он дегенім - торқа, Он дегенім - оймақ, Он бір кара жұмбақ.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. "Жомарт Күз" (суретті қарастыру) Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету.	Әңгіме құрастыру "Табиғат". Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын табиғаттағы ерекшеліктердің атауларын білдіретін сөздермен байыту.	"Ғажайып қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу.				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге машықтандыру.				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тамақ ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу.				
Балалардың дербес әрекеті	"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес: "Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру".	Балалардың отбасында не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кенес. "Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы".	"Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №46 "Балбұлақ" бөбекжайы

Топ: №1 «Балдырған» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.11- 17.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: Даулетбаева Нурия Қожабаевна Ақоразова Эльмира Сембаевна

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру.				
Ертеңгілік жаттығу	I-Кіріспе Бір сапқа тұрып, бір-бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүгіру, адымдап жүру, өкшемен жүру. Шеңбер бойымен аюға ұқсап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. II-Негізгі бөлім Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады).				
Таңғы ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану.				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Гараж" құрастыру. Мақсат-міндеттері.. Балалар өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне байланысты "гараж" құрастырады.	"Жүк көлігін құрастырамыз" құрастыру. Мақсат-міндеттері. Балалар геометриялық пішіндерден жүк көлігін құрастырады.	"Трактордың бөлшектерін тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.	"Торғайлар мен көлік" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Көлік пен торғайлардың қимыл-қозғалыстарын екі түрлі белгілердің біріне сай келтіріп, кеңістікте еркін қозғалуды үйрету.	"Көлік" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңбер бойымен орындықтарға отырғызып, машинаның қалай оталдырылатынын, қалай жүретінін, қалай дыбыс шығаратынын балаларға көрсетеді.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Машина зырылдап жүреді". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру. Вариативтік бөлім Монтессори	Музыка "Көңілді машина". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адымдау жаттығуларын үйлесімді орындауды үйрету.	Қазақ тілі "Жабайы аңдардың қысқа дайындығы. Қоян тонын неге ауыстырады?" Мақсат-міндеттері. Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімді тереңдету, күз мезгіліне тән белгілерімен таныстыруды жалғастыру	Дене шынықтыру "Рулімізді бұрайық". Мақсат-міндеттері. Балаларда сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын қалыптастыру.	Дене шынықтыру "Зу-зу етіп көшеде". Мақсат-міндеттері. Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрттағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер;				
Серуен	Топырақты бақылау Мақсаты: топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету Міндеті: құрғақ жермен жүруді ұсыну. Еңбек: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру	Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат: Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер етететінін байқату. Еңбек: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат: Балаларды ересектің үлгісіне еріп,	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат: Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату. Міндеті:көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Еңбек: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат: Балаларға күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру. Міндеті:күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Еңбек: балаларды сұхбатхананы құрғақ	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат: Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауды үйрету. Міндеті:байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Еңбек: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат: Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға

	Міндеті: топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалыққа тәрбиелеу. "Мысық пен тышқандар" кимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты: Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету Міндеті: жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру. Міндеті:топтастарымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Жалауға жүгір" кимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат: Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді дамыту. Міндеті: кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. "Аяқтың ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат: Балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқтың ұшымен жүре білу қабілетін дамыту. Міндеті:аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру.	құмнан тазалауға шақыру. Мақсат: Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру. Міндеті:топтастарымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Торғай мен автомобильдер" кимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат: Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Міндеті:ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.	жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат: Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру. Міндеті: тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Ұшақтар" кимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат: Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту. Міндеті:зеректікке, шапшаңдыққа баулу. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат: Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен кимылдауға баулу. Міндеті:кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.	машықтандыру. Міндеті:топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Пойыз" кимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат: Балаларды бір сапка тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету. Міндеті:өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту. "Әткеншек" кимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат: Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай кимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Міндеті: балалардың кимылды қайталай алуын дамыту.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге машықтандыру.				
Түскі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану.				
Түскі ұйқы	Балалардың ұйықтауы үшін музыка тыңдау.	«Үш батыр» ертегісін оқып беру.	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру.	«Хан мен құмырсқалар» ертегісін оқып беру.	«Жалқау мысық» ертегісін оқып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Саяхатшылар ойыны. Дауыссыз [т],[д] дыбыстары." Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің буындарының құрамында [т], [д] дыбыстарын айту тәртібімен таныстыру.	"Дөңгелектер" Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерінің түсіп қалған дөңгелектерін орнына жапсыру.	Сюжетті-рөлді ойын. «Балабақшаға хат келді». Мақсат-міндеттер: диалогтық сөйлеуді дамыту, бір затпен бірнеше әрекеттерді орындауға үйрету.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Трактор". Мақсат-міндеттері. Балаларды трактор өлеңімен таныстыра отырып, өлеңде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру.	"Қарбыз тиелген жүк машина" Мақсат-міндеттері. Жүк машинасына қарбыздарды мүсіндеп жабыстыру. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы". "Пойыз келе жатыр". Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ! Тоқ-тақ-тоқ! (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандыққа ұқсатып соққылау). Жылдам келе жатыр: Барлық бала күтіп қалды: Қуанышпен қарсы алады.	Санамақтар айтқызу. "Нешеуіміз?" Бір үйде нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым - әкем, Балаң үйрек - анам, Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек - мен, Кішкене бөбек - сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз.	"Көлік" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Сюжетті-суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және балалардан сұрақтарға толық жауап беруді талап ету.	"Машина" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. "Көлік түрлері" тақырыбында әңгімелесу. Бала тілін дамыту.	"Светофор" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. Бала тілін дамыту.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу;				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жылғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге машықтандыру.				
Кешкі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану.				
Балалардың дербес әрекеті	"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. "Бақыт дегеніміз - отбасындағы татулық"	Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер. Көзге арналған түзету гимнастикасы.	"Балаларға жиі ойнауға мүмкіндік беріңіз" тақырыбында кеңес.	Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерін жетілдіру.	Ата-аналарға кеңес. "Балалардың танымын және сөйлеуін дамытуға бірыңғай тәсілді қалыптастыру"

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №46 "Балбұлақ" бөбекжайы

Топ: №1 «Балдырған» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.11- 24.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: Даулетбаева Нурия Қожабаевна Ақоразова Эльмира Сембаевна

Апта күндері	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру.				
Ертеңгілік жаттығу	І.Жүру, жүгіру жаттығулар ІІ.Жалпы дамытушы жаттығулар(құралмен) -Б.қ. басқа арналған жаттығулар: -басты оңға, солға бұру -Б.қ. “билейік” иыққа арналған жаттығулар: -иықты көтеріп түсіру -Б.қ. “жүзгіштер” қолға арналған жаттығулар: -қолымызға жалауша ұстаймыз -қолды алға, артқа қозғалту -Б.қ. ”сағат” белге арналған жаттығулар: -белді оңға, солға айналдыру -Б.қ.аяққа арналған жаттығулар -қолымызға жалауша ұстаймыз -қолды алға созу, отырып-тұру ІІІ.Тыныс алу жаттығулары -Гүлді ніскеп-мұрынмен демалу, ауызбен шығару				
Таңғы ас	Қолдағы сабынды көпіртіп сабындау, мұқият шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Нені жақсы көреді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жануарлардың қоректері жайлы білімдерін толықтыру.	"Сипаты бойынша тану" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жануарларды тануға үйрету; балалардың ойлауы мен	"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ	"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру.	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру.

		сөйлеуін дамыту.	моторикасын дамыту.		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Сұр көжек". Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, саппен еркін жүгіруді үйрету. Вариативтік бөлім Монтессори	Музыка "Жомарт түлкі". Мақсат-міндеттері. Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру.	Қазақ тілі "Орманда нелер мекендейді?" "Жабай аңдар". Мақсат-міндеттері. Орманда мекендейтін жабайы аңдардың атауларын есте сақтауға, ертегінің мазмұнын түсінуді үйрету	Дене шынықтыру "Қоян секілді секірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қол қимылын бірге жасап, саппен еркін жүгіру дағдыларын дамыту.	Дене шынықтыру "Еркін жүгіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер.				
Серуен	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)Мақсаты:Балаларға балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылау. Міндеті:барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді атап айтуға ынталандыру; "Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Мақсаты:Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау,Міндеті: қызығушылығын арттыру; Еңбек : алаңды тастардан тазалау. (құрастыру, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)Мақсаты:Тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру. Міндеті: тастарды арнайы	Автобустарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты: Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету;Міндеті: жеке көлік оларды ажырата білу. Қимылды ойын. «Бос орын» (дене шынықтыру) Мақсаты:Сигнал бойынша ойын ережелерін сақтау. Міндеті: босаған орынға жылдам отыруды үйрету. "Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсаты: Балаларды бір бағытта жылып, алдыға секіруге дағдыландыру. Міндеті: Балалар сызықтарды баспай, алдыға қарай секіруді үйренеді.	Жеңіл көлікті бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты:Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; Міндеті:жеңіл көліктердің қосалқы бөлшектері жөнінде білімдерін кеңейту. Қимылды ойын. «Такси». (дене шынықтыру) Мақсаты:Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып қосақтасып жүгіру. Міндеті: Бір-бірін итермеу, ойын ережесін сақтау. "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты:Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; Міндеті: ойын	Жүк автокөлігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты:Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Міндеті: жеңіл автокөліктен ажыратуға үйрету. Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты:Балаларды шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге үйрету. "Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсаты: Кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру. Міндеті: біліктіліктерін бекіту. Еңбек: әткеншектерді қардан тазалау.	Ересек балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты: Ересек балаларды киімін бақылауды; Міндеті: киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене шынықтыру) Мақсаты: Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету. Міндеті: өзара достық қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру. Еңбек: сырғанау жолын әзірлеу. Мақсаты: Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Міндеті: Үлкендерге қолдарынан келген көмектерін беруге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өзіне алуды қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. "Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсаты:Балаларды бір бағытта жылжып, алдыға секіруге дағдыландыру.

	жерге немесе ыдысқа жинау. "Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты:Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; Міндеті:шапшандыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау. Өз бетімен еркін ойын әрекеті , шығарылған материалмен ойындар. Мақсаты:Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; Міндеті:негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру;	Еңбек: күркедегі жолды қардан тазалау. Мақсаты:күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. «Қардан құрылыстар жасау». Қарды жиып, күрекпен нығыздап, одан қажетті пішінді жасауды үйрету. Бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.	жүргізушісін мұқият тындауды үйрету. Еңбек: берілген жеке тапсырманы мұқият орындауға үйрету. Өз бетімен ойналатын ойындар. «Секіргішпен ойна». Ұялшақ және сенімсіз балаларды өзгелермен бірлесіп ойнауға ыңғайлы жағдай жасау.	Балаларды күрекпен жұмыс істеуді үйрету. Еңбектің маңыздылығын түсіндіру. Өз бетімен ойындар: әткеншек тебу. Мақсаты:Бірігіп жұмыс істеу үшін балалардың шағын топтарға бірігуін қолдау; Міндеті:біріккен қызметтегі тәртіп ережелері мен нормаларын орындауды үйрету.	Міндеті: Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
Түскі ас	Сабынды көпіртіп алып, қолды мұқият жуып-шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау.				
Түскі ұйқы	Баяу музыка тындау.	«Оқтауы бар түлкі» ертегісін оқып беру.	«Етікші» ертегісін оқып беру.	«Ақылды егінші» ертегісін оқып беру.	«Жалқау мысық» ертегісін оқып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан ояғанда төсектен бірден тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолдарын қасына созады, еркін тыныс алу. 2. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын түю, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолдарын бастарына қояды, сол және оң аяқтарын кезекпен көтеру, жоғарыда екеуін қосып ұстап тұру, ақырын түсіру. 4. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолдарын қасына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебу. Төсектен тұрғызу. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Бесін ас	Сабынды көпіртіп алып, қолды мұқият жуып-шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата". Мақсат-міндеттері. Аңдардың төлдерін тануды үйрету және қазақ тілінде атауға дағдыландыру.	"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру.	Сурет салудан ойын-жаттығу "Қонжық". Мақсат-міндеттері. Балаларға қонжықты қоңыр қарындашпен, көлемі екі түрлі дөңгелекті қарындашпен	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қоян орманға барады". Мақсат-міндеттері. Балаларды үшбұрыш, дөңгелек және шаршы геометриялық пішіндерін	Құрастырудан ойын-жаттығу "Орманда кірпі жүр". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрастыруға икемді қағазды бүктелуі қасиетімен таныстыру; дөңгелек пішінді қағаз бетін, екі шеттен алып, тең екі жарты шеңберге бүктеуді үйрету.

			қосып, дене мүшелерін, қосалқы бөлшектермен толықтырып салуды үйрету.	тануға және атауға жаттықтыру;	
Балалармен жеке жұмыс	"Кіріжан" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. Д. Ахметова	Саусақ жаттығуы. "Қонжық". Қонжық жүрсе орманда, Томпаң-томпаң басады. Қорбаң-қорбаң қорбаңдап Бізді көрсе қашады.	Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата". Мақсат-міндеттері. Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады.	"Түлкі" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. Төлеу Шаханов.	"Қасқыр" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. Жүсіп Қыдыров
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу;				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жылғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуды үйрету.				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу.				
Балалардың дербес әрекеті	Музыкалық аспаптармен ойындар. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде өткізілген әндерді қайталау. Аңдардың жүріс-тұрысын, қимыл-қозғалыстарын көрсету. (музыка)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. "Балаларды суықтан қалай қорғауға болады?"	Ата-аналарға ұсыныс. "Балаңыз сырқаттанып қалса ..."	Ата-аналарға кеңес. "Бала ұрыншақ болса ..."	Әңгімелесу. "Баланы еңбекке баулу".	Сөйлеу тілінің бұзушылықтары бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: №46 "Балбұлақ" бөбекжайы

Топ: №1 «Балдырған» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 27.11- 01.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: Даулетбаева Нурия Қожабаевна Ақоразова Эльмира Сембаевна

Апта күндері	Дүйсенбі				
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру.				
Ертеңгілік жаттығу	І.Жүру, жүгіру жаттығулар ІІ.Жалпы дамытушы жаттығулар(жалауша) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп "Жаса!" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ арасы алшақ, жалаулар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп "Тербе!" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқты бірге ұстау, дене бос, қол төменде. 4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады)				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру:				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру,	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру,	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру,	"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны Мақсат-міндеттері. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып еркін жүгіру керектігін айтады	"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. (сөйлеуді дамыту)

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Бауырсақ әлемі". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, сапта еркін жүгіруді үйрету. Вариативтік бөлім Монтессори	Музыка "Қоңыр аю қорбаңбай". Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңа әнге қызығушылықтарын арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету.	Қазақ тілі "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттері. Қыс мезгіліне тән белгілерді, ойын-сауық атауларын қазақ тілінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту	Дене шынықтыру "Бауырсақ секілді көңілді жүрейік". Мақсат-міндеттері. Балалардың сапка өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру.	Дене шынықтыру "Жылан тәрізді болайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, сапта еркін жүгіруді үйрету.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу				
Серуен	Алғашқы түскен қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты: Қысқы табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. Қимылды ойыны. «Сұр қоян жуынды». (дене шынықтыру) Мақсаты:Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Міндеті: Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту. "Табиғат құбылыстарын ажырату, олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты: Қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту.	Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсаты: Кемпіркосақ туралы айту. Міндеті: балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру. "Кемпіркосақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты:Балаларды бір-бірін итермей жүгіруге тәрбиелеу; Міндеті:қауіпсіздікті сақтауды түсіндіру. (дене шынықтыру) Еңбек: гүл отырғызуға ыдыс дайындау. Мақсаты:Балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстыру. Міндеті: еңбек дағдыларын жетілдіру. "Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты:достыққа, белсенділікке,	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсаты: Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру. Міндеті: аспанға қарап ауа райының қандай екенін білуді үйрету. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты:Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; Міндеті: вестибуляр аппараттарын дамыту; Еңбек: балалармен бірге гүлзарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақтарын бұтақтарын жинау. Мақсаты: Ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Еркін ойын. "Күн мен жаңбыр". (танымдық дағдылар) Мақсаты:Балалардың	Бұлттарды бақылау. (жаңбыр қалай пайда болады). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсаты:Балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; Міндеті:қорытынды жасауды үйрену. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты:Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі, Міндеті:“Мен - түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу. Еңбек: алаңды тазарту ұжымдық еңбегі. Мақсаты:Жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу. Міндеті:Қозғалыстарды дамыту жыттығулары: жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.	Бұлттарды бақылау. (бұршақ қалай пайда болады) (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсаты:Балаларды аспаннан бұршақ жаууы құбылысымен таныстыруды жалғастыру. Міндеті:Бұршақ қалай пайда болатынын айту: "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты:Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнау. Міндеті: рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; Еңбек: гүлзарларды суару. Мақсат-міндеттері. Ересектерге көмек көрсетуге; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. Мақсаты:Балаларды бір бағытта жылжып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Міндеті:Балалардың секіру жолының бойына әрқалай орналасқан шаппақтар немесе шеңберлер салынады Далаға шығарылатын материалмен ойын

	Міндеті: қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.	ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	шығармашылығын, кеңістікті бағдарлау. Міндеті: қимыл жылдамдығын, зейінін дамыту. Далаға шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.		ойнау.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді өз қажеттері жайында айтуды машықтандыру.				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру.				
Бесін ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Геометриялық пішіндер әлемі". Мақсат-міндеттері. Балаларды геометриялық пішіндердің қасиеттерін түстеріне қарамай ажыратуға жаттықтыру;	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу Бауырсақтың жолы ("Бауырсақ" ертегісі желісін драматизациялау). Мақсат-міндеттері. «Бауырсақ» ертегісінің желісін пысықтау.Ертегі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуда жаттықтыру;	Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Тақия тастамақ» ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың қимыл шапшаңдығы мен жылдамдығын дамыту, зейінділікке, ұйымшылдыққа, ойын ережесін сақтап ойнауға тәрбиелеу.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Мақтаншақ қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды «Мақтаншақ қоян» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталап айтуды үйрету.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ғажайып бөлме өсімдіктері". Мақсат-міндеттері. Балалардың бөлме өсімдіктерінің алуан түрлілігіне қызығушылықтарын ояту; ұйымдастырылған іс-әрекетінде құрдастарының жауаптарын тыңдау.
Балалармен жеке жұмыс	"Бауырсақ" ертегісі желісін драматизациялау. Мақсат-міндеттері. "Бауырсақ" ертегісінің желісін пысықтау, ертегі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуда жаттықтыру.	Артикуляциялық жаттығулар. Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.	Балалар білетін санамақтарды қайталау.	"Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.	"Тиын", "Бақа" тақпағын жаттатқызу. Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру				

Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жылғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу.				
Балалардың дербес әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Әке мен атаның бала тәрбиесінде алатын орны" тақырыбында әңгімелесу.	Ата-аналар арасында педагогикалық білімді тарату, балаларды тәрбиелеуде ата-аналарға практикалық көмек беру.	Ата-аналарға кеңес. "Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің" атты тақырыбында әңгімелесу.	"Сіздің балаңыз" тақырыбында әңгімелесу.	Балалар салған суреттерінен көрме ұйымдастыру.